

**8D013 – Пәндік мамандандырылмаған педагогтерді даярлау  
(6D010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі) бағыты бойынша  
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған  
Рысбаева Ардак Куанышовнаның  
«Бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция  
негізінде қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациясына  
РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ**

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1. Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	<p>Диссертация тақырыбының ғылымның даму бағыттарына және мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңын және «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасын», Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарын және Президенттің халқына Жолдауларын басшылыққа алуымен сипатталады.</p> <p>Бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастырудың әдістемелік жүйесін сапалылықпен және тиімді қолдану және практикаға кеңінен енгізу үшін «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» мен «Бастауыш білім беру деңгейінің 2-4-сыныптарына арналған «Дүниетану», «Қазақ тілі», «Математика» және т.б. пәндердің үлгілік оқу бағдарламаларын» талдау және барлық пәндердің міндеттерінің ішінен интеграциялық мазмұны мен интеграциялық құрал, интеграциялық әдістерге тірек болатын ұғымдарды анықтап алу жүзеге асырылған.</p> <p>Жоғарыда айтылған білім берудің заңнамалық құжаттары мен оқу құралдарына сай беріліп отырған міндеттер мен бағыттар «Бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастыру» тақырыбының өзектілігі мен</p>

		<p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) <u>Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</u></p>	<p>өміршендігін аша түседі. Сондықтан А.К.Рысбаеваның диссертациялық тақырыбының өзектілігі жоғарыда көрсетілген мәселелермен және білім мен ғылымды дамытудағы мемлекеттік бағдарламалармен тығыз байланыстылығын танытады.</p> <p>А.К.Рысбаеваның диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының 8-ші «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер» бағытына сәйкес келеді. Диссертациялық жұмыс 8D013 – Пәндік мамандандырылмаған педагогтерді даярлау (6D010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі) бағыты бойынша ұсынылған.</p>
2.	Ғылымға маңыздылығы	2. Жұмыс ғылымға елеулі үлесін <u>қосады/қоспайды</u> , ал оның <u>маңыздылығы ашылған/ашылмаған</u> .	<p>Диссертанттың зерттеу жұмысы бойынша алынған ғылыми-практикалық нәтижелері педагогика ғылымының дамуына <i>елеулі үлес қосады</i>.</p> <p>Қазіргі қоғам талаптарына сай бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастырудың теориялық тұрғыда негіздеу мен оны тәжірибеде жүзеге асырудың мазмұны мен әдістемесінің жеткілікті дәрежеде жасалмағандығын дәлелдеген.</p> <p>Біріншіден, бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындауда «ізгілік», «ізгілікті қарым-қатынас», «интеграция» ұғымдары мен «бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастыру» түсінігінің мәні нақтыланған, әдіснамалық негізі ретінде</p>

			<p>басшылыққа алынатын тұғырлар мен ұстанымдар түзілген.</p> <p>Екіншіден, бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын оқу пәндерінің интеграциясы негізінде қалыптастырудың өлшемдері мен көрсеткіштері, деңгейлері іріктелген және жоғары, орташа, төмен деңгейлері анықталған.</p> <p>Үшіншіден, бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастырудың педагогикалық мүмкіндіктері интеграцияны оқу мақсаты, оқу құралы ретінде тану тұрғысында қарастырылған.</p> <p>Төртіншіден, бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастырудың әдістемелік жүйесі («Табиғат – Ізгілік әлемінің бастау көзі» атты қосымша білім беру сабақтар жүйесі мен интеграциялық бағдардағы тапсырмалар мен жаттығулар кешені) жасалған.</p>
3.	Өзі жазу принципі	<p>3. Өзі жазу деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) жоғары;</li> <li>2) орташа;</li> <li>3) төмен;</li> <li>4) өзі жазбаған</li> </ol>	<p>А.К.Рысбаеваның зерттеу жұмысының <i>өзі жазу деңгейі жоғары</i> екендігін бірқалыпты қалыптасқан ғылыми стилінен; жеке идеясының диссертация жазу барысында өрбуінен; зерттеу проблемасына қатысты ғылыми ұғымдарға жасалған жан-жақты талдауынан; ғылыми тұжырымдар түйіндеп, ғалымдардың берген ойларына өз пікірін білдіруінен; жүргізілген эксперименттерді рәсімдеуі мен алынған практикалық нәтижелерді сипаттауынан байқауға болады. Барлық талданған ақпараттар түсінікті әрі мағыналы және құрылымды сақтай білген.</p>
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) негізделген;</li> <li>2) жартылай негізделген;</li> <li>3) негізделмеген.</li> </ol>	<p>Диссертация өзектілігінің <i>негіздемесі</i> бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын оқу пәндерінің интеграциясы негізінде қалыптастыруды жалпы білім беретін мектептің бастауыш білім беру үдерісіне ендіру қажеттігі мен оны жүзеге асыру әдістемесінің жасалмағандығы, бастауыш сынып</p>

		<p>оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын оқу пәндерінің интеграциясы негізінде қалыптастыруды жүзеге асыруда қоғамның сұранысы мен педагогика ғылымында оның теориялық және практикалық негізделуі арасында қарама-қайшылықтарды туындатады. Көрсетілген қарама-қайшылықтан туындаған түйіткілдер теориялық-әдіснамалық тұрғыдан негіздеу зерттеудің ғылыми ізденістегі бағытын айқындап, бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастырудың <i>құрылымдық-мазмұндық моделін, әдістемесін жасау мәселесіне негізделген.</i></p>
	<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) <u>айқындайды;</u> 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды</p>	<p>Диссертацияның мазмұны диссертация тақырыбын толық көлемде <i>айқындайды.</i> Диссертация мазмұны кіріспеден, үш бөлімнен, әр бөлім 3 тараушадан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшадан тұрады. Диссертация мазмұны зерттеудің ғылыми болжамы мен жетекші идеясы бойынша <i>диссертация тақырыбын айқындайды.</i></p>
	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді;</u> 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді</p>	<p>Зерттеу жұмысының қойылған мақсаты мен міндеттері <i>диссертация тақырыбына сәйкес келеді,</i> бұл зерттеу барысында алынған нәтижелердің негізділігі мен сенімділігін растайды. Диссертант зерттеудің бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын оқу пәндерінің интеграциясы негізінде қалыптастыруды теориялық негіздеу, моделін жасау және оның тиімділігін эксперимент жүзінде тексеру мақсатына ұтымды қойылған 4 міндет арқылы қол жеткізген. Зерттеу жұмысының бірінші бөлімінде «ізгілік», «ізгілікті қарым-қатынас», «интеграция» ұғымдары мен «бастауыш - сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастыру» түсінігінің мәні және олардың зерттелу жайы және</p>

бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық негіздері мен әдіснамалық тұғырларының талдануы диссертацияның бірінші міндетіне сәйкес екендігі байқалады.

Диссертацияның екінші және үшінші бөлімі зерттеу жұмысының екінші және үшінші міндетіне сәйкес бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастырудың өлшемдері, көрсеткіштері мен деңгейлерін анықтауға және бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын оқу пәндерінің интеграциясы негізінде қалыптастыру мүмкіндіктерін айқындауға арналған. Төртінші міндетіне сәйкес бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін құрастыруға және бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастырудың тәжірибелік-эксперименттік жұмысына арналған.

4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:

- 1) толық байланысқан;
- 2) жартылай байланысқан;
- 3) байланыс жоқ

Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы, яғни жалпы құрылымы мен қол жеткізген ғылыми нәтижелерінің ішкі бірлігі логикалық тұрғыдан *толық байланысқан*. Бұл ретте диссертациялық жұмыстың ғылыми-тәжірибелік нәтижелері тұжырымдық тұтастығымен, зерттеудің негізгі қорытындыларының қисынды бірлігімен сипатталады. Зерттеу нәтижелері ғылыми болжамның дұрыстығын дәлелдеп, диссертацияда қойылған мақсат пен міндеттерді шешуге арналған.

4.5. Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:

Бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастыру мәселесінің теориялық-әдіснамалық негіздері; оның құрылымдық-

		<p>1) <u>сыни талдау бар;</u>  2) талдау жартылай жүргізілген;  3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	<p>мазмұндық болмысын моделдеу; тәжірибелік-эксперимент нәтижелері сандық, сапалық және <i>сыни талдау</i> арқылы дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған.  Бұл сыни талдау диссертантқа бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін және оның әдістемесін құрастыруға мүмкіндік берген. Жүргізген сыни талдау А.К.Рысбаеваның әр мәселені жеке бағалай алуын, өзіндік ғылыми ұстанымның қалыптасқандығын байқатады.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?  1) <u>толығымен жаңа;</u>  2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);  3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Докторант А.К.Рысбаеваның диссертациялық жұмысы зерттеудің ғылыми нәтижелері мен қағидаттары <i>толығымен жаңа</i> болып табылады. Бірінші ғылыми нәтижеге жету үшін ізденуші бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастырудың теориялық негіздері, философиялық, психологиялық, педагогикалық, әдістемелік аспектілері бойынша талдады және әдіснамалық негіздерін айқындауда білім философиясы, жүйелілік-іс-әрекеттік, аксиологиялық, синергетикалық, модельдеу тұғырларын басшылыққа алды. Бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастырудың мәні мен құрылымын анықтауда ізденуші «ізгілік», «ізгілікті қарым-қатынас», «интеграция» «бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастыру» ұғымдары мен түсініктерінің мазмұны байытылып, нақтылауы – бірінші нәтиженің <i>толығымен жаңа</i> болып табылатынына дәлел.  Екінші ғылыми нәтижеге жету үшін бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын оқу</p>

			<p>пәндерінің интеграциясы негізінде қалыптастырудың өлшемдері мен көрсеткіштері, деңгейлерінің анықталуы екінші нәтиженің <i>толығымен жаңа</i> екендігін көрсетеді.</p> <p>Үшінші ғылыми нәтижеге жетуде бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастырудың мүмкіндіктері; «Табиғат – Ізгілік әлемінің бастау көзі» атты қосымша білім беру сабақтар жүйесі мен интеграциялық бағдардағы тапсырмалар мен жаттығулар кешенін» әзірлеу және оқу үдерісіне ендіру; бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастыруды әдістемелік тұрғыдан қамтамасыздандыратын әдістемелік жүйе құру және оны жүзеге асыру; бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастыруда әрбір сабақты, сабақтан тыс іс-әрекеттер жүйесін дайындауға және өткізуге дайын болуы – үшінші нәтиженің <i>толығымен жаңа</i> екендігін көрсетеді.</p> <p>Төртінші ғылыми нәтиже ретінде бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделінің жасалуы, бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастырудың әдістемелік жүйесі жасалынып, оның тәжірибеге енгізілуін <i>толығымен жаңа</i> деп санаймыз.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертацияның қорытындылары <i>толығымен жаңа</i> болып табылады. Теориялық-әдіснамалық зерделеудегі негізгі категориялардың құрылымы және мазмұндық сипатының түзілуі бірінші шынайы тұжырымдар қалыптастыруға мүмкіндік берді. Диссертацияның «Бастауыш сынып</p>

		<p>оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастыруды модельдеу» атты екінші бөлімінде автордың диссертациялық зерттеу нәтижесінде зерттеу пәні бойынша жаңа білім алғандығын көрсетеді. Бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастырудың педагогикалық мүмкіндіктері талданып, оның құрылымдық-мазмұндық моделі түзілді, ал жұмыстың нәтижесі «Бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастырудың тәжірибелік-эксперименттік жұмысы» атты үшінші зерттеу жұмысының қорытынды бөлімінде қарастырылған және зерттеу нәтижелерін растайды. Сонымен қатар жасалған 8 қорытынды <i>толығымен жаңа</i> деп санаймын. Тұжырымдардың сенімділік деңгейі тәжірибелік-эксперименттік жұмыста расталған.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?  1) <u>толығымен жаңа</u>;  2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);  3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	6. Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген/негізделмеген</u> (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)
		<p>Автордың ұсынған бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын оқу пәндерінің интеграциясы негізінде қалыптастыру жұмысының ғылыми-тәжірибелік негізі <i>толығымен жаңа және негізделген</i> болып табылады. Ол зерттеу жұмысы барысындағы тұжырымдар, ендіру актісі және тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелерімен, ғылыми жарияланымдармен расталынады.</p> <p>Диссертанттың зерттеу қорытындыларының негізділігі теориялық-әдіснамалық ұстанымдармен, философиялық педагогикалық және психологиялық әдебиеттердің алуан түрлілігімен, диссертация мазмұнының зерттеу мақсаты мен міндеттеріне жарамдылығымен, зерттеудің теориялық және эмпирикалық әдістерінің орынды үйлесімімен, эксперименттік зерттеудің нәтижелерін талдаудың үйлесімімен,</p>



			<p>әртүрлі әдіс-тәсілдер, құралдар кешенін пайдаланумен қамтамасыз етіліп, дәлелдемелерде негізделген. Диссертациялық зерттеудің нәтижесінде алынған қорытындылар болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлауда дербес пәндерді оқыту әдістемелері үшін теориялық және практикалық жағынан құнды материал болып табылады. Зерттеу жұмысында келтірілген теориялық тұжырымдар, әдіснамалық тұғырлар мен ұстанымдар, қорытындылар, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар ЖОО-да, педагогикалық колледждер мен біліктілікті арттыру тәжірибелерінде пайдалануға болады.</p>
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) <u>дәлелденді</u>;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) <u>жоқ</u></p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) <u>кең</u></p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>Докторант А.К.Рысбаеваның диссертациялық жұмысы бойынша қорғауға ұсынылған төрт қағидатты айтуға болады: 1) «ізгілікті қарым-қатынас», «интеграция» ұғымдары мен «бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастыру» түсінігі <i>дәлелденген, тривиалды емес</i>, зерттеу пәні туралы <i>жаңа</i> білімді ұсынады, алдағы уақытта қолданылу ауқымы <i>кең</i> және «Қазіргі қоғамда оқушы бойында ізгілікті қарым-қатынасты қалыптастыру» («Қазақстанның ғылымы мен өмірі» Халықаралық ғылыми журнал, № 11.–2019. – Б.212-214) <i>атты</i> мақаласында көрініс тапқан.</p> <p>2) бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастыру үдерісі <i>мотивациялық-құндылықтылық, танымдық-іс-әрекеттік, тұлғалық-мінез-құлықтық</i> құрамдас бөліктерінің бірлігін, оған сәйкес <i>өлшемдер мен көрсеткіштердің біртұтастығы</i> негізінде қарастырылуы <i>дәлелденген, тривиалды емес, жаңа</i> боп саналады, қолдану деңгейі <i>кең</i> және «Оқыту процесінде оқушылардың ізгілікті қарым-қатынасын қалыптастырудың педагогикалық-психологиялық</p>

ерекшеліктері» («Үздіксіз педагогикалық білім беру мәселелері: дәстүр және инновациялар» Еуразиялық педагогикалық университеттер қауымдастығының халықаралық форумы. – Алматы: ҚазҰПУ. – 2018. – Б.171-174) мақаласында дәлелденді.

3) бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастырудың педагогикалық мүмкіндіктері дәлелденген, тривиалды емес, жаңа боп саналады, қолдану деңгейі кең және «Бастауыш сынып оқушыларының қарым-қатынасын ізгілікке бағыттай отырып тәрбиелеу» (Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. «Педагогика. Психология. Әлеуметтану» сериясы. – № 2 (135). –2021. – Б.164-171) мақаласында дәлелденген.

4) бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі дәлелденген және негізделген, тривиалды емес, бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын қалыптастыруда қолданылу деңгейі кең, және бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастырудың әдістемелік жүйесі жасалып, «Табиғат – Ізгілік әлемінің бастау көзі» атты қосымша білім беру сабақтар жүйесі мен интеграциялық бағдардағы тапсырмалар мен жаттығулар кешені» арқылы дәлелденген және негізделген, тривиалды емес, бастауыш сынып оқушыларын даярлауда қолданылу аясы кең, (Алматы, 2022. – 120 б. (Қосалқы автор: Сәдуақас Г.Т.). Зерттеу нәтижелері автордың 15 жарияланымында көрініс - тапқан. Scopus базасы тізіміндегі журналдарда – 1 (33 процентиль). ҚР Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті

			бекіткен басылымдарда – 3, Қазақстан Республикасында және шетелде ұйымдастырылған халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарында – 11. Бастауыш сынып оқушыларына арналған қосымша білім беру сабақтар жүйесі мен интеграциялық бағдардағы тапсырмалар мен жаттығулар кешені – 1.
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ	Докторант А.К.Рысбаеваның диссертациялық жұмысындағы әдіснамалық аппарат дәйектілік ұстанымына және дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігіне негізделген. Зерттеу жұмысында білім философиясы, жүйелілік-іс-әрекеттік, аксиологиялық, синергетикалық, модельдеу әдіснамалық тұғырлары мен интеграциялық, білім беруді ізгілендіру, экологиялық білім негізінде тәрбиелеу; оқытудың саналылық және белсенділік, біртұтас дүниетаным қалыптастыру ұстанымдары басшылыққа алынған.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ	<i>Теориялық</i> (психологиялық және философиялық, педагогикалық, психологиялық, әдістемелік зерттеулер мен ғылыми еңбектерге талдау, жинақтау, жүйелеу, салыстыру, контент талдау, педагогикалық модельдеу, құрылымдау, ассоциациялау) және <i>эмпирикалық</i> (сауалнама, бақылау, тестілеу, креативті тапсырмаларды талдау, өзіндік бағалау, алынған сандық, сапалық нәтижелерге математикалық статистикалық талдау жасау) <i>әдістер мен деректерді өңдеу және</i> Дж. Мореноның социометрия әдістемесі; Г.В. Гивишвилидің «Ізгілік қасиеттердің өзін-өзі бағалау деңгейін анықтау» әдістемесі; Н.Е.Богуславской әдістемесіне бейімделген «Сөйлемді аяқта» әдістемесі; интеграция негізіндегі ізгілікті қарым-қатынасқа мотивтің болуын анықтауға бағытталған сауалнама (авторлық әзірleme); интеграция негізінде білімнің жүйелі

			<p>әрекетке айналуы бағытталған кесінді тапсырмалар (авторлық эзирleme) және т.б. <i>интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып, диссертация жұмысының нәтижелері алынған.</i></p>
		<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) <u>ия</u>; 2) жоқ</p>	<p>Теориялық тұжырымдар Б.Момышұлы атындағы №62, №65 жалпы білім беретін орта мектептерде ұйымдастырылып өткізілген тәжірибелік-эксперимент жұмыстарымен дәлелденді. Зерттеу жұмысының «А» Қосымшасында ұсынылған ендіру актісімен расталынған. Тәжірибелік-эксперимент жұмыс нәтижелері оң динамиканы көрсетеді.</p>
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінара расталған / расталмаған</p>	<p><i>Маңызды мәлімдемелер ҚР-ның нормативтік-құқықтық құжаттарына, отандық және шет елдік авторлардың педагогикалық әдебиеттеріне, сөздіктерге, анықтамаларға, энциклопедияларға, оқу құралдары мен оқу-әдістемелік құралдарға, зерттеу тақырыбы бойынша халықаралық конференция жинақтары мен журналдарында, ҚР Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен басылымдарда жарияланған материалдарға сілтемелермен расталған.</i></p>
		<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті/жеткіліксіз</u></p>	<p>196 библиографиялық сипаттамадан және ғылыми, оқу, мерзімді, заңнамалық және нормативтік-құқықтық, статистикалық, электронды және басқа да дереккөздерден тұратын <i>пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті.</i></p>
9	Практикалық құндылық принципі	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) <u>ия</u>; 2) жоқ</p>	<p>- бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын оқу пәндерінің интеграциясы негізінде қалыптастыруды теориялық-әдіснамалық негіздеуде «ізгілік», «ізгілікті қарым-қатынас», «интеграция» ұғымдары мен «бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастыру» түсінігінің нақтыланып, әдіснамалық</p>

			<p>тұғырлары және ұстанымдарының айқындалуы;</p> <p>- бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын оқу пәндерінің интеграциясы негізінде қалыптастырудың педагогикалық мүмкіндіктері айқындалуы;</p> <p>– бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделінің дайындалып, өлшемдік, технологиялық, тұжырымдамалық блоктардан тұратын мотивациялық-құндылықтылық, танымдық-іс-әрекеттік, тұлғалық-мінез-құлықтық компоненттердің өлшемдері мен көрсеткіштерінің, деңгейлерінің анықталуы <i>диссертацияның теориялық маңызы бар</i> екендігін көрсетеді.</p>
		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>Диссертацияның <i>практикалық маңызы бар</i> және оның нәтижелері болып табылатын «Табиғат – Ізгілік әлемінің бастау көзі» атты қосымша білім беру сабақтар жүйесі мен интеграциялық бағдардағы тапсырмалар мен жаттығулар кешені <i>практикада қолдану мүмкіндігі жоғары</i>, өйткені алынған нәтижелерді мамандық білім алушылары, бастауыш сынып мұғалімдері қолдана алады.</p>
		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңаболыптабылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Зерттеу жұмысы аясындағы <i>практикалық ұсыныстар толығымен жаңа</i> және бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасы қалыптасуының мәні, мазмұны мен құрылымы және аталған қалыптастыру моделі осы саладан білім алушыларға теориялық білімдерді жүйелі меңгертуге септігін тигізеді. Аталған зерттеу нәтижелері болашақта жоғары педагогикалық оқу орындарында мамандар даярлау мәселесіне арналған жұмыстарды жетілдіруге және осы бағыттағы жаңа зерттеулер жүргізуге негіз бола алады.</p>
10.	Жазу және	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) <u>жоғары</u>;</p>	<p>Диссертант академиялық жазу ерекшеліктеріне сай ғылыми стилді</p>

	ресімдеу сапасы	2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	ұстанып зерттеу жұмысын орындаған. Диссертация мазмұнындағы негізгі ұғымдар, анықтамалар мен терминдер жүйесі жеткілікті түрде ұсынылған. Диссертацияның құрылымы мен мазмұнын рәсімдеу ғылыми жұмыстарға қойылатын белгіленген талаптарға сәйкес келеді. Сонымен қатар, диссертациялық жұмыс жүйелі тұрғыда жазылған және академиялық жазу сапасы жоғары.
--	-----------------	--	--

**Шешім:** Рысбаева Ардак Куанышовнаның 8D013 – Пәндік мамандандырылмаған педагогтерді даярлау (6D010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі) бағыты бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынған «Бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы аяқталған және Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі, Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеттінің талаптары мен «Дәрежелер беру қағидаларында» көрсетілген талаптарға сәйкес келетіндіктен философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайық деп санаймын.

**Ресми рецензент,  
Қожа Ахмет Ясауи атындағы  
Халықаралық Қазақ-түрік  
университетінің қауымдастырылған  
профессоры, PhD**



Қолын  
РАСТАЙМЫН:  
Қ.А. Ясауи атындағы  
Халықаралық Қазақ-түрік  
университеті  
Адам ресурстарын басқару  
бөлімінің бастығы  
**А.А. Куралбаева**